

В КазНУ в рамках Сарсембиновских чтений состоялась IV Международная научная конференция «Современные проблемы физики конденсированного состояния, нанотехнологий и наноматериалов».

СЛОВО ОБ УЧЕНОМ

Учредителями выступили Научно-исследовательский институт экспериментальной и теоретической физики, научная нанотехнологическая лаборатория открытого типа и кафедра физики твердого тела и нелинейной физики.

Ученики академика НАН РК Ш.Сарсембинова – основатели Казахской школы в области физики неупорядоченных структур, каждые 3 года организуют подобное мероприятие.

Продолжение на 4 стр.

МҰРАЖАЙ - ТАРИХ АЙНАСЫ

Жуырда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және ҚазҰУ-дың Биология мұражайының 80 жылдығына арналған «Қазақстан және оған шектес аумақтардағы биоалуантүрлікті табиғатта және коллекцияларда сақтау» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Шараға Ресей, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінің ғалымдары қатысты.



ҚазҰУ мұражайы – егеменді Қазақстанның білімі мен ғылымының қалыптасуы, дамуы жолындағы тарихи кезеңдері мен рухани, мәдени өмірдегі елеулі оқиғаларына шолу жасауға мүмкіндік беретін ерекше орта. Биология мұражайы залы 3 бөлімнен және 84 кабырға сөресінен тұрады. Мұнда жәдігерлер биология ғылымының бағыттарына қарай жүйеленген. Атап өтсек, Қазақстанның биотоптары, экосистемалары мен табиғи зоналарының алуантүрлілігі; Жер бетіндегі тіршіліктің эволюциялық дамуы; Экология және табиғатты қорғау;

Жалғасы 3-бетте

ВЕКТОР ВЫСОКИХ ЭНЕРГИЙ

Европейская организация по ядерным исследованиям (CERN) во главе с директором по международным отношениям Шарлоттой Линдберг Вараккаулле посетила КазНУ им. аль-Фараби.



Во время встречи с руководством вуза были обсуждены вопросы сотрудничества в научно-образовательной сфере, совместной подготовки PhD докторантов, участия молодых ученых в международной школе по IT и GRID технологиям, научных и экспериментальных программах, проектах CERN в области ядерной физики, астрофизики, ядерной медицины, энергетики, а также совместного проведения научных конференций.

«КазНУ им. аль-Фараби сотрудничает со многими международными научно-исследовательскими организациями в области развития ядерной физики и мирного использования атома. Университет заинтересован в проведении совместных научных проектов с CERN, прохождении студентами исследовательской практики и стажировок», – отметил ректор КазНУ Галым Мутанов.

Включение отечественных экспертов и специалистов в работу CERN позволит динамично развивать канал связи с ультрасовременными технологическими новациями и создать в Центральной Азии новый международный научно-технический и технологический центр.

«Мы смотрим с надеждой на институциональное сотрудничество между нашей организацией и КазНУ им. аль-Фараби. CERN заинтересован в кооперации с университетом, обучении и подготовке кадров инженерных специальностей», – сказала директор CERN по международным отношениям Шарлотта Вараккаулле.

КазНУ имеет положительный опыт сотрудничества с этой организацией. В 2011 году 9

студентов университета освоили программу летней школы по физике высоких энергий и ускорительной физике, а в 2014 году группа молодых ученых прошла двухнедельную стажировку в научном центре.

Сегодня в КазНУ реализуется программа трансформации университета в современный исследовательский вуз мирового уровня, концепция которой базируется на тесной интеграции науки, образования и инновационного производства. Университет проводит фундаментальные и прикладные исследования в области ядерной науки и техники.

Европейская организация по ядерным исследованиям образована в 1954 году и объединяет 21 страну мира. CERN признана крупнейшим и единственным в мире научно-исследовательским центром по физике элементарных частиц. Совмещая знания ученых с мировым именем, ресурсы и научный потенциал физиков и инженеров ведущих университетов и институтов мира, CERN сделал ряд крупных открытий для человечества. Так, именно ученые CERN подарили миру интернет. Сегодня главным научным экспериментом организации считается обнаружение на самой крупной экспериментальной установке в мире – Большом адронном коллайдере бозона Хиггса. Эксперты планируют получить уникальные данные о процессах преобразования материи в энергию, осуществить проверку современных теорий темной материи, дополнительных пространственных измерений, теории струн и суперструн.

А.КАМАЛДИНОВА

БҮГІНГІ САҢДА:

НАДЕЖНОЕ ПАРТНЕРСТВО



2-стр.

КІТАПХАНА - БІЛІМДІЛЕР МЕКЕНІ



3-бет

БЕЙІНДІК МЕКТЕПКЕ - 5 ЖЫЛ!



6-бет

РЕКТОРАТ

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АЛАҢЫ

Университет өміріндегі өзекті мәселелер қарастырылатын кезекті ректорат отырысы дәстүр бойынша шәкіртақы табыстау рәсімімен басталды.

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанұлының бастамасымен жүзеге асып келе жатқан игі шара бүгінде көптеген білім қуған, ғылым сүйер жастардың қызығушылығын арттыруда. Жиында ректор құрметті қонақ – профессор, PhD докторы Ли Бенг Джоны таныстырып, гранттар мен шәкіртақыларды табыстау үшін Қиыр Шығыс кафедрасының меңгерушісі Ем Наталья Борисовнаға сөз берді. Ол Цой Дже Хён атындағы Халықаралық мемориалды қорының гранты мен «POSCO» Оңтүстік Корея қорының шәкіртақыларын табыстап, студенттерге сәттілік тіледі.

Жағымды жаңалықтар легін бас ғалым хатшы жалғастырды. Ләззат Маратқызы Катар орталық банкінің төрағасы Абдалла Сауд Әл-Тәни университет ректоры Ғалым Мұтановқа Қазақстандағы сапары барысында көрсеткен қолдауы мен қонақжайлылығы үшін шынайы алғыс білдіргенін жеткізді. Сонымен қатар Янка Купала атындағы Гроднен мемлекеттік университетінің ректоры Андрей Дмитриевич Король ҚазҰУ-да өткен «ЖОО-лардың әлемдік рейтингілерде ілгерілеуі» тақырыбындағы дөңгелек үстелге университет өкілігіне берілген қатысу мүмкіндігі үшін ректорға алғыс білдіріпті.

ҚазҰУ әскери кафедрасының командасы да көпшілікті өз жеңісімен қуантып тастады. Университет командасы Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының басшысы кубогына, аталмыш институттың 15 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған пікірсайыс турнирінде I орынды жеңіп алып, жоғары нәтиже көрсетті. Сондай-ақ университет фотографы Марат Жүнісбеков БҰҰ қоғамдық ақпарат департаментінің Қазақстандағы өкілі Властимил Самектің ынтымақтастық үшін алғыс хатына ие болды.

Күн тәртібіндегі сұрақтар қатарында университеттің оқытушы-профессорлық құрамын қаржылық ынталандыру туралы Экономика және қаржы департаментінің директоры Хәкімжан Малаевтың хабарламасы және кафедралар мен факультеттердің шаруашылық есептегі орталықтарын қалыптастыру туралы факультет басшыларының ақпараттары тыңдалды. Хабарлама иелерін тыңдаған оқытушы-профессорлар құрамы өз пікірлерін ортаға салып, өзге де маңызды мәселелерді талқылады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

НАДЕЖНОЕ ПАРТНЕРСТВО

Учение великого мыслителя Среднего Востока Абу Насра аль-Фараби об идеальном городе заложило основу для уникального научно-инновационного проекта «Al-Farabi university - smart city». Реализация новой модели университета при единстве технологических и духовно-нравственных концептов, гибкости подходов к решению научных, образовательных и социальных проблем позволит открывать границы самых технологически продвинутых и в то же время традиционных обществ. Так, тесное сотрудничество КазНУ с японскими университетами является важным направлением для дальнейшего развития систем современного образования двух стран.



Недавно пятнадцать студентов КазНУ им. аль-Фараби получили гранты и стипендии для прохождения образовательных программ в ведущих университетах Страны восходящего Солнца. Более 20 лет КазНУ остается флагом в приоритетном количестве получаемых стипендий среди стран постсоветского пространства.

Счастливые обладатели стипендии от Министерства образования, культуры, спорта, науки и технологии Японии (МEXT) для выдающихся студентов, заинтересованных в углубленном изучении японского языка и культуры, получили уникальную возможность академического обучения в японском университете.

Стипендии Фонда Хейва Накаджима вручаются выдающимся студентам посредством рекомендации от университета с последующим конкурсным отбором. КазНУ в период с 1992-2016 гг. получил 11 стипендий фонда.

В целом, целью стипендиальных программ является содействие развитию творческих личностей, которые станут лидерами будущих поколений, а также расширение международного взаимопонимания и обмена между странами.

Одной из самых важных и ожидаемых стала стипендия от Университета Цукуба, которая выдается в рамках Глобальной образовательной программы для подготовки кадров

в экономической и научной сферах по мультилингвистической системе в Японии, странах СНГ и Балтии. В торжественной обстановке в рамках реализации проекта «Кампус в кампусе» ее вручил приглашенный профессор Университета Цукуба Ниномия Такаши.

Университет Цукуба – один из основных партнеров КазНУ. Учитывая тот факт, что существенным элементом политики Японии в области университетского образования является концентрация государственных средств в избранных учебных заведениях с целью повышения качества обучения и исследований в этих вузах и превращения их в глобальных лидеров, выбор КазНУ в качестве первоочередного партнера является полностью обоснованным и показательным.

С целью реализации проекта «Топ глобальных университетов» КазНУ им. аль-Фараби совместно с Университетом Цукуба запустил инициативу «Кампус в Кампусе» (англ. Campus in Campus, CIC). Благодаря этому университеты-партнеры планируют перейти от модели университета, открытого миру, к трансграничному университету.

Так, еще в 2015 г. делегация КазНУ во главе с ректором Ғалымом Мұтановым приняла участие в Международном симпозиуме «Роль университетов в период глобализации: в поиске новых направлений», результатом которого стало подписание Меморандума «Кампус в кампусе».

В рамках проекта CIC каждый университет может делиться своим кампусом с партнером, и, таким образом, позволить друг другу использовать соответствующие научно-исследовательские ресурсы без национальных или институциональных барьеров. Ожидается, что главным эффектом от реализации данного проекта станет расширение академической мобильности студентов, преподавателей, административных сотрудников между вузами и значительный рост международной репутации университетов.

На втором этапе тесного академического сотрудничества партнеры подписали Меморандум о взаимопонимании в отношении официального открытия Центра по изучению Японии и Центральной Азии при кафедре Дальнего Востока.

На сегодняшний день КазНУ сотрудничает с крупнейшими вузами Японии, такими как: Университет Токио, Токийский университет агрокультуры и технологии, Университет Васеда, Университет Ракуно Гакуин, Университет Аояма Гакуин, Университет Хоккайдо, Университет Цукуба, Университет Сайтама, Токийский университет иностранных языков, Университет Канадзава, Университет Кейо.

Таким образом, открывая ворота японских вузов, КазНУ расширяет границы своего кампуса, как образец «умного» университета.

Наталья ЕМ

Ядролық зерттеулер бойынша еуропалық ұйымның (CERN) халықаралық қатынастар бойынша директоры Шарлотта Линдберг Варакаулле бастаған өкілдері ҚазҰУ-да болды

КІТАПХАНА-

Тарих, археология және этнология факультеті мен Әл-Фараби кітапханасы қызметкерлері бірлесе отырып «Қазіргі заманғы кітапханашы имиджі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

білімділер мекені



Шара барысында университет ректоры Ғ.М. Мұтановтың бастамасымен жүзеге асырылып келе жатқан «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында шыққан «Менің шығармадан алған әсерім», «Қызықты үзінділер» жинақтары мен қазақтың бас ақыны Абайдың 170 жылдығына арналған «Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» атты әдістемелік-библиографиялық құралдың тұсаукесері

өтті. Бұл жинақтардың барлығы оқу ордамыздың «Қазақ университеті» баспасында жарық көрді.

Қандай мамандық иесі болсын, кітапханашы көмегіне жүгінері хақ. Сондықтан болашақ кітапханашылардың өз мамандықтарын сүюі және біліктілікпен меңгеруі аса маңызды. Шарада болашақ кітапхана мамандары өз жобаларымен бөлісті. Елін сүйген жастар Қазақстан

дамуы жолында аянбай еңбек етіп, кітап деп аталған қасиетті қазынаны болашақ ұрпаққа бүгінгідей айбарлы, қастерлі етіп жеткізуді міндет санайтындықтарын жеткізді.

Сондай-ақ болашақ кітапханашы студенттер таланттарын талайға паш етіп Кітапханашылар күніне арналған мерекелік бағдарламаларын ұсынды. Әсем ән, әуезді күй және де жүректен шығып жүректерге жете білген өлең жолдары орындалды. Талантты студенттер мамандығына деген мақтаныш сезімдерін жыр шумақтарымен жеткізіп, дүйім жұртты бір ерекше күйге бөледі.

Аталмыш іс-шара бүгінгі мамандар мен болашақ кітапханашы арасындағы қыл көпір іспетті жас маманға жол сілтеді. Сондай-ақ студенттер кітапхана қызметкерлері мен ұстаздарға сұрақ қоя отырып, мамандықтары туралы жаңа мәліметтерге қанықты.

Г.Е.САБДЕНОВА,
дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті, т.ғ.к.;

Г.И.НҰРЖАНОВА,
ҚазмемқызПУ-дың кітапханатану және библиографиятану кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.к.

Ж.МАНАПБАЕВА,
Әл-Фараби кітапханасының қызметкері

Жалғасы. Басы 1-бетте

МҰРАЖАЙ - тарих айнасы

Жануарлар дүниесінің жүйесі; Өсімдіктер әлемінің жүйесі; Мұражай қорлары. Мұражайдың қоғамда алатын орны ерекше. Ол жастарды азаматтыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеп, қасиетті мұраларды көздің қарашығындай сақтау, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу міндетін атқарады.

Конференция барысында мұражайдың ұрпақ тәрбиелеудегі рөлі, биоалуантүрлілікті табиғатта сақтау жөніндегі өзекті мәселелер талқыланды. Соның ішінде «Солтүстік Тянь-Шянь транс-шекаралық аймағының биоалуантүрлілігін сақтау» атты баяндаманы ерекше атап айтуға болады.

Сондай-ақ конференция барысында Биология мұражайындағы Қазақстанның қызыл кітабына енген, Керқұланның жаңа экспозициясының салтанатты ашылуы және «Кесел (серый варан) мысалында жоғалуға шақ және сирек кездесетін жануарларды сақтау мәселелері» атты дөңгелек үстел өтті. Конференция қонақтары мен қатысушылар өте жақсы әсермен таркасты.

Ә.Б. ҚОЖАБАЕВА,
биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасы меңгерушісінің орынбасары, б.ғ.к., доцент м.а.

ҚАЗАҚ ПСИХОЛОГИЯСЫНА АРНАЛҒАН ЖИЫН

ҚазҰУ-да өзінің бағыт-бағдарымен ерекшеленетін, мыңдаған оқырманның жүрегінен орын тауып келе жатқан ұлттық психологияны насихаттаушы «Мектептегі психология – Психология в школе» республикалық ғылыми-теориялық, әдістемелік журналының 10 жылдығы мен 100 санының жарыққа шығуы, Қазақ психологиялық қоғамының III Пленумы, академик Т.Т. Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопеддагогика оқу-зерттеу орталығының 25 жылдығы жоғары деңгейде аталып өтті.

Төлеген Тәжібайұлы 1961-1964 жылдары университетімізде педагогика және психология кафедрасының профессоры әрі меңгерушісі қызметтерін атқарған. «Жалпы психология» атты тұңғыш оқулық жазып, қазақ тілінде психология ғылымы терминдерін қалыптастыруға елеулі үлес қосқан ғалым. Жиында 25 жыл толып отырған оқу-зерттеу орталығы туралы баяндама жасаған орталықтың ғылыми жетекшісі, психология ғылымдарының докторы, профессор Құбығұл Бозайұлы Т. Тәжібайұлы туралы естеліктер айтып, қазіргі орталықтың жетістіктерін атап өтті.

«Мектептегі психология – психология в школе» журналы 2006 жылдан бері өз оқырмандарына мазмұнды да мағыналы тың дүниелерді ұсынып, қуантып келеді. 10 жасқа жеткен журнал ұжымы осы уақытқа дейін психолог мамандарға айтарлықтай көмегімізді тигіздік деп нық сеніммен айтуда. Аталмыш журналдың редакторы Айнұр Олжаева жиында сөз алып, психологияның сан алуан мәселелеріне тоқталып, осы салаға аса мән берілуі жөнінде айтты.

Қазақ психологиялық қоғамының президенті, психология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Пәрленбетов қатысушыларды мерекемен құттықтап, алғысын жеткізді. Бұл жиынға облыс көлеміндегі психолог мамандар да қатысып, өз пікірлерін білдірді. Философия және саясаттану факультетінің ұстаздары, «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ творчествалық бірлестігі және Жамбыл ауданы, Қаракыстақ ауылының ұстаздары журналдың сенімді көмекшілеріне айналып, тікелей көмек көрсететіндерін айтып, басылымға және оқу-зерттеу орталығына ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат, тек сәттіліктер тіледі.

Шараға қатысушы психолог маман Ақшолпан Тағайбек: «Жиында мамандығымыз туралы білмеген жаңа дүниелермен таныстық. Профессор,



ғалым ағаларымыздан түйгеніміз өте көп. Болашақта айтылған ақыл мен кеңестер кәдемізге жарары анық», – дейді. Сонымен қатар, жиында Советхан Аббасов, Аманқос Мектептегі қазіргі психологияның жетістіктері мен кемшіліктеріне тоқталып, қазақ психологиясының болашағы жарқын боларына сенім білдірді.

Сымбат АЙДАРХАН

Продолжение. Начало на 1 стр.

СЛОВО ОБ УЧЕНОМ

О том, что круг научных интересов Шамши Сарсембинова был необычайно широк, ярко демонстрировал и отражал любимый им тезис: "Структура определяет свойства", поведал академик НАН РК Б. Н. Мукашев. Результаты его исследований, новые идеи и научные подходы оказали и оказывают значительное влияние на развитие ряда разделов современного материаловедения и нанотехнологии. Они стимулировали исследования многих казахстанских и зарубежных физиков и, в частности, мощной научной школы, созданной учителем. Его научные монографии, обзорные доклады на международных конференциях сыграли важную роль в разветвлении исследований в новых направлениях.

Профессор Карагандинского университета Т.А. Кукетаев отметил, что фантастическая работоспособность и самозабвенная преданность Делу были исключительными чертами Шамши Шариповича. Он выделялся среди всех такими чертами, как широта интересов и профессиональный энтузиазм. «Невозможно забыть наши многочасовые дискуссии о значимости физики конденсированного состояния в объяснении уникальных свойств наноматериалов».

Следует отметить, что организация чтений состоялась во многом, благодаря усилиям учеников ученого. Один из них — Ержан Сыргалиев, ректор Алматинского университета энергетики и связи, отметил, что наставник верил в идеи молодежи и всегда поддерживал таланты. Некогда ученый назначил его студ. деканом физико-технического факультета КазНУ, а после посоветовал направление, в котором он мог раскрыть свой потенциал. «Этот момент стал для меня путевкой

в жизнь. Все, кто работали под его началом, безмерно благодарны Шамши Шариповичу за его труд и внимание», — сказал Ержан Сыргалиев.

Воспоминания друзей, соратников и учеников Шамши Шариповича органично сочетались с научными докладами. Профессор А.И. Купчишин, рассказывая о решении уравнений каскадно-вероятностного процесса, отметил, что довольно часто обсуждал идеи метода с Ш. Сарсембиновым и находил безотказную дружескую поддержку. «Шамши Шарипович — мой студенческий друг, как и Толеген Абдисагиевич. 1973 году мы все трое защитили диссертации на соискание ученой степени кандидатов физико-математических наук. Шамши — по физике твердого тела, Толеген — по теоретической физике, а я — по физике атомного ядра и космических лучей. Многие нам завидовали. За нашу серьезную дружбу нас в шутку называли «тремя мушкетерами» и мы этим всегда очень гордились».

В память об академике издательством КазНУ им. аль-Фараби была опубликована книга «Шамши Сарсембинов» в серии «Өнегелі өмір». Экземпляры книги были вручены членам комитетов из США (Центр нанофазных исследований и компания Petro Beam Inc), Канады (Университет Торонто), Германии (Институт материаловедения), Египта (National Research Centre) а также ведущих лабораторий Испании, Украины, России и Казахстана.

Г.Ш. ЯР-МУХАМЕДОВА,
зав. кафедрой ФТТ и НФ;
А.А. МИГУНОВА,
ст. преподаватель



Тематика конференции охватывает широкий круг вопросов физики конденсированного состояния: синтез и исследование наноматериалов, эволюция структуры фазового состава и физико-механических свойств, высокотехнологические производства по созданию «зелёной», кремниевой фотоэнергетики. Конференция объединила передовые научные центры всего мира.

Начиная работу чтений, председатель конференции, декан физико-технического факультета Аскар Давлетов передал слово академику НАН РК Толегену Жожамкулову, который рассказал о дружбе с известным физиком, академиком НАН РК Шамши Сарсембиновым, а также его вкладе в отечественную науку. «Мы — однокашники. Во всех начинаниях были неразлучны. Жизненный путь Шамши, неуёмные стремления можно было бы назвать типичными для талантливой

молодёжи тех лет, пришедшей в науку. Незаурядные личностные качества, приумноженные редчайшим Божьим даром, которым он обладал, сделали его путь светлым, а миссию — святой».

Директор Института проблем горения академик Зулхаир Мансуров рассказал о том, что профессор Ш. Сарсембинов основал новое научное направление: регулирование электронных свойств полупроводников с некристаллической структурой и совместно с учениками разработал физические основы модификации некристаллических полупроводников. По его инициативе и под его руководством в 1995 г. на кафедре была разработана первая в республике программа подготовки магистров по специальности «Физика», и в этом же году кафедра совместно с кафедрами теоретической физики и физики космоса первыми в республике начала подготовку магистров по этой специальности.

Тәлім мен тәрбиені біліммен ұштастыра отырып, қоғамда өзіндік орны бар құзыретті, бәсекеге қабілетті тұлғаны даярлау – бүгінгі күннің басты талабы. Ұлы ойшыл әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп тегіннен тегін айтпаса керек-ті.

Университет көлемінде жүзеге асып келе жатқан «Айналанды нұрландыр», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап», «Green campus», «Саламатты дене мәдениеті» жобалары саналы ұрпақ тәрбиелеу ісіне өз септігін тигізуде. Студенттердің белсенді қатысуымен философия және саясаттану факультетінде өткізіліп тұратын көптеген тәрбиелік іс-шаралар осының бір дәлелі болса керек.

Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы білімді де білікті маман иелерін даярлау ісінде өз міндеттерін жоғары атқарып келеді. Мұндағы студенттер — ертенгі болашақ кәсіби маман иелері. Өз кәсіптерін бала тәрбиелеу ісімен тығыз байланыстыра білген шәкірттеріміз әртүрлі тәрбиелік бағытта әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға, жетімдер үйіне көмектесіп тұрады. Мамандық атаулының

Мен таңдаған МАМАНДЫҚ



қыр-сырын меңгеруде кафедра оқытушыларының еңбегі орасан зор.

Әр ай сайын факультетімізде «Кафедра күні» аталып тұрады. Кафедраның тынысы мен жұмыс барысын, тарихын, ондағы әр

мамандық түрлерінің атқарар қызметін таныстыру мақсатында қазан айында өткен кафедра күнін «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2-курс магистранттары жүргізді. «Мен

таңдаған мамандық» деп аталған бұл іс-шарада кафедра жетістіктері, оқытушылар құрамы туралы мәліметтер кеңінен камтылды. Таңдаған мамандықтарын мақтан тұтатын студенттер қойылған викториналық сұрақтарға ұтымды жауап беріп, белсенділік танытты. Білімнің биік шыңын бағындырғалы келген 1-курс студенттері небары екі ай ішінде өткен әсерлерімен бөлісіп, кафедра, мамандық туралы көптеген ақпараттарды алды.

Жоғары деңгейде өткен іс-шара концерттік бағдарламаға ұласты. Ұйымдастырушы магистранттар өз өнерлерін ортаға салып, артынан еріп келе жатқан білімгерлерге үлгі болды. Әсіресе, Жансая Искакованың әуелете салған әні мен күмбірлете шерткен күйі ерекше есте қалды. Шара соңында сөз алған аға куратор-эдвайзер, п.ғ.к., доцент Әлия Құдайбергенова студенттерге алғыс айтып, білімнің көкжиегінде қанаттарың талмасын деп өз тілегін білдірді.

А.М. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
философия және
саясаттану факультеті,
педагогика және білім беру менеджменті
кафедрасының
аға куратор-эдвайзері, п.ғ.к., доцент

Оңтүстік Кореяда өткен халықаралық эссе және шешендік өнер байқауында ҚазҰУ студенті Жаңаділ Талдыбаев I-орынды иеленді

УЧЕНЫЙ И ПЕДАГОГ НАШЕГО ВРЕМЕНИ

В жизни каждого человека происходит юбилейное событие, определяющее, как его профессиональные достижения, так и жизненные вехи. В этом году хотелось бы искренне поздравить Хасанова Марата Шамуратовича и сказать в его адрес добрые слова. Знаю его более полувека, из которых около сорок лет мы работаем вместе в университете. Этим самым я хотел сказать, что процесс его становления как ученого и педагога шел на моих глазах.



В 1967 г., после службы при Оренбургском высшем авиационном училище, я восстановился на 3-й курс философского факультета МГУ им. М.В. Ломоносова. До призыва я начал специализироваться на кафедре диалектического материализма факультета. На этой кафедре я познакомился с Маратом Хасановым. Первые годы знакомства я ближе познакомился с его родителями. Отец Марата как ветеран войны и труда был заслуженным человеком Уральской области, кавалером 5 орденов и 18 медалей. Он очень любил свою мать Насип и благодарен ей за то, что она научила своего любимчика с малых лет читать, приобщила к литературе.

На факультете мы с большим интересом слушали выступления известных ученых-философов того времени В.Ф.Асмуса, М. П. Новикова, Д.М Угриновича, С.Т.Мелюхина, А.Я. Ильина, П.В.Алексеева, Г.Ф.Георгиева, В.И.Купцова и др. Благодаря их прекрасным лекциям мы приобщились к прекрасному миру философии, сокровищнице духовной культуры человечества. После окончания аспирантуры вместе начали работать в ведущем национальном университете Казахстана, который за пять последних лет продвинулся в авторитетном международном рейтинге QS World University Rankings на 500 мест и первым среди вузов Центральной Азии и Казахстана в 2016 году вошел в ТОП-250 лучших университетов мира, заняв 236 место. Нам приятно, что только два вуза из стран СНГ вошли в эту группу - МГУ им. Ломоносова и КазНУ им. аль-Фараби, в которых мы учились и сейчас работаем.

С обретением независимости и суверенитета Казахстана остро встал вопрос о мировоззренческой составляющей социальных и гуманитарных учебных дисциплин. Стало очевидно, что при преподавании надо отказаться от их прямой вульгарной марксистской интерпретации. Остро встал вопрос о том, как и в каком идеологическом ключе должны проводиться занятия по данным предметам. По инициативе руководства МОН РК того времени М.Ш.Хасанов был назначен руководителем рабочей творческой группы, подготовившей проект «Концепции гуманитарного образования в РК», утвержденный Национальным советом по государственной политике (1994 г.). На ее основе были определены приоритеты реформирования отечественной системы образования республики на 1995-2000 гг., а для создания, внедрения и апробации новой модели содержания социогуманитарного образования, проведения экспертизы нового поколения учебно-методической литературы в КазНУ им. аль-Фараби был создан Центр гуманитарного образования, которым он руководил в течение двух лет. Впервые на базе КазНУ им. аль-Фараби в 2002-2003 гг. он провел летние университеты по вопросам образования и его взаимосвязи с достижениями современной науки и потребностями общественно-исторической практики.

В этот же период развития республики стал весьма актуальным вопрос о создании и совершенствовании системы аттестации и повышении квалификации научных и научно-педагогических кадров высшей квалификации. В 1995 году его пригласили работать заместителем Председателя ГАКа (ВАКа) РК. За время работы в этом государственном органе М.Ш.Хасанов внес свой посильный вклад в подготовку кадров высшей квалификации, разработку нормативно-методических документов, выпуск Бюллетеней, информационно-аналитических материалов, энциклопедии «Кто есть кто в Казахской науке». Этим самым он оказал серьезное содействие становлению и развитию отечественной системы аттестации научных и научно-

педагогических кадров высшей квалификации, решению стратегических и тактических проблем развития вузовского и послевузовского профессионального образования в Казахстане, подготовке и изданию первых нормативных и методических материалов ВАК.

В начале двухтысячных годов в Казахстане возникла большая потребность в усилении воспитательной составляющей системы отечественного образования. Для решения этой проблемы постановлением Правительства РК был создан Институт гармоничного развития человека МОН РК, директором которого был назначен М.Ш.Хасанов. За время научного руководства проектом «Инновационные подходы к гармоничному развитию человека в системе образования Республики Казахстан (дошкольное - школьное - вузовское образование) МОН РК (2003-2005 гг.)» коллективом Института были разработаны концептуально-теоретические основы и учебно-методические комплексы (УМК) «Самопознание» для старшей подготовительной группы, 1-11 классов и 1 курса ВУЗов республики. Этот опыт работы по вопросам духовно-нравственного воспитания молодежи в Национальном Центре «Бобек» МОН РК обобщен им в цикле статей «Педагогические блуждания и смысл современного образования». На основе этого проекта разработана и включена в Номенклатуру науки и образования МОН РК, специальность «Социальная педагогика и самопознание», по которой ведется обучение на факультете.

За время своей научной деятельности М.Ш.Хасанов внес большой вклад в развитие теории диалектики, философии культуры, философии образования, социальной философии, политической философии и фарабиеведения.

В рамках развития категориального аппарата философии им разработаны различные аспекты понятий целого и части как категорий материалистической диалектики. Достижения в разработке данных категорий получили освещение в ряде публикаций.

В области философии культуры им была предпринята успешная попытка теоретического осмысления казахской культуры, мифологических оснований отечественной философии.

Большой вклад профессор М.Ш. Хасанов внес в разработку философии образования. Им были рассмотрены вопросы цели и смысла современного образования и др. Результаты этих исследований получили освещение в цикле статей, опубликованных в Казахстане и за рубежом.

Профессор М.Ш.Хасанов внес значительный вклад в развитие социальной философии и политической философии. Им разработаны вопросы трансформации казахстанского общества, гражданского общества, национальной идентичности, различных моделей современного общества и др.

По этим разделам философии он имеет более 170-ти научных и учебно-методических работ (приложение 2), выступал с докладами в Москве, Санкт-Петербурге, Риге, Обнинске, Тарту, Оклахоме, Таллинне, Тайпее, Берлине.

Профессор Хасанов М.Ш. является руководителем проекта МОН РК «Казахстан в изменяющемся мире: социокультурные импульсы и евразийские цивилизационные ориентиры». В рамках проекта им рассмотрены вопросы общественно-политических и социально-культурных изменений постсоветских демократических обществ. Изучение этих вопросов позволяет понять, что самоидентификация является одной из основополагающих предпосылок становления государственности, с другой стороны, она позволяет определить стратегию выхода из системного кризиса, охватившего весь мир.

Для систематического просвещения казахстанского общества в переходный период в вопросах традиций национальной культуры, демократических ценностей им были основаны общественный фонд «Демократия и культура» (1995) и общественно-политический и литературно-художественный журнал «Евразия» (2001-2014 гг.). Журнал «Евразия» внес большой вклад области просвещения казахстанцев в вопросах социокультурных преобразований в различных областях общественной жизни республики. Данный журнал ориентировал казахстанцев на духовную интеграцию на всем Евразийском пространстве, на нравственные ценности евразийской ментальности.

Меня всегда привлекала его улыбка, в которой проступала искренность и оптимизм. Наш юбилар среди своих единомышленников - друзей, коллег, учеников, особенно в семье энергичен, жизнерадостен, молод душой. Моральная поддержка у него высокая, благодаря дружной семье, близким и друзьям.

В роли твердой интеллектуальной опоры в жизненном пути профессора выступает его верная жена, доктор философских наук, профессор Петрова Вера Филипповна. Дочь Асия, сын Ильяс продолжают семейные интеллектуально-творческие традиции. Радостью жизни, вдохновителями будни дружелюбной семьи стали пятеро внуков и внучек.

Мы коллеги, близкие друзья желаем нашему юбиляру - ученому педагогу Хасанову Марату Шамуратовичу желаем дальнейшего благополучия в родном Казахстане, творческих успехов в родном университете.

Ждем от него новых свершений на благо подрастающего поколения университета и республики.

Ж.Ж. МОЛДАБЕКОВ,
профессор

Стартовал I отборочный этап на участие в IV патриотическом форуме студенческой молодежи «Мен жастарға сенемін!»

Фотожурналист биігі

Біріккен ұлттар ұйымының бірнеше жобаларына үлес қосқаны үшін ҚазҰУ қызметкері, фотожурналист Марат Жүнісбеков ұйымның арнаулы сертификатына ие болды.



БҰҰ-ның бұл сертификаты Қазақстан фотографиялары арасында бірінші рет беріліп отыр. Серіктестік бағытында құрылған жана марапатқа Марат Жүнісбеков университеттің ілкімді шараларынан фоторепортаж жасау арқылы жеткен.

Кеше ректорат жиналысында БҰҰ-ның Алматы бойынша қоғамдық ақпарат департаментінің директоры Властимил Самек мырзаның қолы қойылған арнаулы сертификатты университет ректоры Ғ.Мұтанов табыстады. Аталған, сертификаттың маңыздылығы жоғары. Алдағы уақытта өтетін БҰҰ-ның Қазақстандағы және еліміздің шет елдерде жүргізетін барлық жиындарына барып, еркін фоторепортаж жасауға мүмкіндік береді. Ал мұндай мәртебелі сертификат бұған дейін бірде-бір қазақстандық фотожурналистке берілмеген.

Естеріңізде болса, жыл басында ғана Марат Кеңесұлының суреттері Біріккен ұлттар ұйымының Бас хатшысы Пан Ги Мунның көңілінен шығып, диплом иеленген еді.

Марат ЖҮНИСБЕКОВ,

ҚазҰУ қызметкері, фотожурналист:

—Бұл үлкен шығармашылықпен және зор еңбекпен жеткен нәтиже. Университет ректоры Ғ. Мұтановтың «Айналанды нұрландыр», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап», «Саламатты дене мәдениеті» тағы басқа бірнеше жобалары бар. Осы жобалардың жүзеге асуы барысында, БҰҰ-ның Алматы бойынша қоғамдық ақпарат департаменті үнемі қолдау көрсетіп

келеді. Сондай шаралардың барысында фоторепортаждар түсіру арқылы бірнеше жұмыстарым ұйым мүшелерінің назарына ілініп, бағаланып, қолдауға ие болып отыр.

Алдағы уақытта сенімнен шығу үшін еліміздің жастарын, олардың білім мен ғылымдағы бейнесін, ынтасын, жігерін шетелдіктерге фотокөрмелер арқылы көрсеткім келеді. Бұл жоба қолдауға ие болса, біз түсірген суреттер шет мемлекеттердің көрме залдарынан көрініс тауып, бір университетіміз ғана емес, мемлекетімізді насихаттайтын дәрежеге жетеміз деп ойлаймын.

Фотоөнердегі бақыт — сенің күні-бойы түсірген мыңдаған суретіңнің бірнешеуінің

сәтті шығуы. Ол сенің күні бойы шаршаған жүйкенді бір сәтте тыныштандырады, жан жүрегіңде үлкен шығармашылықтың шырағын жағады.

Осы мамандықты ғана оқытатын үлкен университет ашылса деген арманым бар. Оның әр қабаты фотографияның кесек-кесек жанрларына арналса және үлкен көрмелерден тұрса. Фотоға кәсіби көзқараспен қарағанда ғана қазақстандық фотографияның деңгейі жоғарылап, сапасы да артып, әлемді дәл осы өнермен мойындататын дәрежеге жетеміз. Біз фотоға шынайы өнер ретінде қарап, оған серпін берсек, одан да аларымыз көп болмақ.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ҚАЗҰУ ШАҚЫРАДЫ!

Егемен еліміздің болашағы өскелең ұрпақтың қолында. Өсер ұрпағымыздың білімді болып өсуі — еліміздің тұғыры биік болуының кепілі. Жастардың өз жүрек қалауындағы мамандығын таңдап, жоғары білім алуы, жақсы маман атануы — заманымыздың басты мәселелерінің бірі.

Жанымызға жақын мамандықты қалай таңдаймыз? Дәл осы сұрақ әрбір мектеп бітіруші түлекті мазаламай қоймайды. Осы орайда Алматы облысы, Талғар ауданы, Тұздыбастау ауылының мәдениет үйінде Quantum білім беру орталығының ұйымдастыруымен жуырда ҚазҰУ оқытушылары жоғары сынып оқушыларына арналған таныстыру шарасына қатысты.

Қасиетті қара шаңырағымыз — ҚазҰУ-дан аталмыш таныстырылымға физика-техникалық факультетінің жылуфизика және техникалық физика кафедрасы шақырылған болатын.

Университет өкілдері сахнаға көтерілгеннен бастап жастардың ыстық ықыласына бөленді. Оқушылардың көзінен ҚазҰУ-ға деген ерекше бір сезім байқалып тұрды. Көрсетілім барысында университетіміз туралы толық ақпарат беріліп, әсем қалашығымыз туралы қызықты бейнеролик ұсынылды. ҚазҰУ студенттері Ерболат Тезекбай және Мұхамеджан Тұрғынов оқушылардың көкейінде жүрген сұрақтарға жауап берді. ҚазҰУ студенттері мен оқытушылары бәсекеге қабілетті білім ордасын таныстырып, еліміздің болашақ жастарына кеңес беріп, қара шаңырақ ҚазҰУ студенті атануды тіледі.

А.А. ҚҰЙҚАБАЕВА



қиындығын аса сезіне қоймас. Ал университет-колледж-мектеп жүйелерінің барлығынан өткен оқытушы ретінде мектепте сабақ берудің қаншалықты күрделі әрі жауапкершілікке толы жұмыс екенін байқадым. Жас жеткіншектердің үлкен өмірге аяқ басар, болашақ мамандықтарын таңдап, бағыттарын айқындар кезең — 10, 11 сынып. Осындай сәтте оларға көмек беріп, жан-дүниелеріне терең үніліп, асқақ армандарға жетелер дос, кеңесші, жолсілтеуші бола білетін оқытушы қажет. Осы орайда, мектебімізге басшылық ететін жігері мол, жаңалыққа жаны құмар жан — Д.И. Алпысбаева және мектебіміздің оқу-ісі жұмыстарын жүргізіп, оқытушыларға да, оқушыларға да уақыт таба білетін шебер көмекшісі — Ш.С. Удуримова арқасында ұжымымыз жоғары кәсіптік шеберлікке сай еңбек

Н.Ш. Қуанбаев, АӘД пәнінің оқытушысы — Ә.А. Егеубаев және тағы да басқа оқытушылар ашық жүрекпен, қамқор көңілмен қарсы алады. Бұл ұжымның әрбір оқытушысы туралы жеке-жеке мақала да жазуға болады, әрқайсысы бір тақырып. Бірақ мұғалімге берілетін ең үлкен бағаны шәкірті қоятынын ескеріп, ұстаздар күні қарсаңында жазған оқушылардың әсселерінен үзінділер келтіргенді жөн көріп отырмын.

«...Маған бұл мектепте оқыған өте ұнайды, барлық мұғалімдер сабақты өте жақсы, түсінікті жүргізеді. Мен өзімді мұнда еркін, тұлға ретінде сезінемін...»

«...Мен осы мектепке ең алғаш келгенде мұғалімдердің мейірімді әрі жігерлі екенін аңғардым...»

«...Сіздердің бала көңілдеріңіз әр оқушының жан-дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Еңбектеріңізге табыс, шығармашылық жетістіктер тілеймін»

Тізе берсем, мектебіміздің оқытушылары туралы жүрекжарды пікірлер әлі де көп. Халқымыздың әрбір жас жеткіншегі — болашақ тұлға, елдің ертеңі, мемлекет тірегі. Алдына келген әр баланы жарқыраған алтынға, баға жетпес жақұтқа немесе қара тасқа айналдыра алатын қасиет ұстазға ғана болады. «Ұстаз» деген ұлы ұғымға сай еңбек етіп жүрген «Бейіндік мектеп» оқытушыларын, білім құмар оқушыларын алғашқы мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Алар асулар мен шығар белестер көп болғай!

С.С. БЫБЫРАЙЫМОВА,
ЖОО-ға дейінгі білім беру
факультетінің оқытушысы

Бейіндік мектепке — 5 жыл!

Жаңа оқу жылын университетіміздің кезекті бір сатыға көтерілуімен, яғни Орталық Азия аймағы мен Қазақстан жоғары оқу орындарының арасында алғашқы болып әлемнің 250 үздік университеті қатарына енуімен бастадық. Бұл жеңіс университет ұжымының әрі қарай қарқынды күш, тың ойлармен еңбектенуіне негіз болатынына сенімдімін.

Мемлекетіміздің білім беру жүйесі соңғы жылдары бейіндік оқытуға баса назар аударып отыр. Осы орайда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жаңа мақсаттар мен басымдылықтар негізінде 2011 жылдың 21 қазанында жоғары сыныптарға арналған «Бейіндік мектеп» ашылған болатын. Мектеп университеттің құрылымдық бөлімшесі ретінде жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің құрамына енді.

Алғашқы күннен бастап осы мектепте математика пәнінен сабақ беремін. Университетте ғана жұмыс істейтін оқытушылар мектепте сабақ берудің

етіп жатыр деп сеніммен айта аламын. Жасыратыны жоқ, бұл мектепке әр түрлі деңгейдегі және жағдайдағы балалар келіп түседі. Әр оқушы өзімен бірге үміт, арман, қорқыныш, күдігін ала келеді. Ал оларды мектепте өз ісінің шеберлері: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы — А.Ш. Әсембаева, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушылары — Р.А. Хан, М.Ж. Шайхынова, физика пәнінің оқытушылары — Ч.А. Мадиярова, Б.А. Искаков, математик — С.А. Тұрсынбаева, тарих пәнінің оқытушысы — Д. Зүлкәпіл, биология пәнінің оқытушысы — Б.А. Ертаева, география пәнінің оқытушысы —

21 қазанда халықаралық қатынастар факультетінде «Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының тұжырымдамалық негіздері және тәжірибесінің жаңғыртылуы» атты конференция өтеді

Нұржан ДУМАНҚЫЗЫ

1998 жылы ҚХР, Қаба ауданында дүниеге келген. 2004 жылы атамекенге оралып, Қаратал орта мектебін үздік тамамдады. Үшінші сыныптан бастап өлең жаза бастаған. Аудандық ақындар мектебінің түлегі. Аудандық, облыстық, республикалық «Абай оқуларының» ақындар мүшәйрасы бөлімі бойынша жеңімпазы. «Ақберген» облыстық жыр мүшәйрасының II орын иегері. «Тәуелсіз ел жастары» атты тұңғыш I Республикалық жыр мүшәйрасының II орын иегері. 1-курс таланттары байқауының 3 орын иегері. Қазіргі таңда журналистика факультетінің 1-курс студенті.



Сағылмас казак жері бар.
Бабамның онда қаны мен жаны тері бар.
Сөйлейді тарих нанбасаң, тыңда естисің
Запыран заман оғыландардың шері бар.
Халқыма нәсіп, ұлтыма бесік
Жер Ана байлық кені бар.
130 ұлт пен ұлысты
Бауырға басқан «Егемен» жаңа елі бар!
Мойны барды мойындап та үлгірген
Мың жылда туар тегі бар.
Тізесі барды тізерлете жүгінткен
Елін де сүйген, Елі де сүйген ері бар.
Құдайдың ғана құлақ кесті құлымын
Құлағымда Тәуелсіздіктің ені бар!

Үнсізбін әлі...
Үнсіздік менімен араласпа.
Ауыл тыныш,
Шулаған қала басқа.
Санқылдап емес, сырымды үнсіз жеткіздім
Кең даладағы кимас серігім ауаға, тасқа.
Көңілім толқын,
Тулайды ойға шомғанда.
Ойға ала берем, ойлана берем сонда да сонда.
Қазына іздеп қопара бердім ескі сандықты
Сөзден жасап ап алтын сапталған күректі қолға.
Қорқыныш мүмкін,
Камалдап алған көкірегімді.
Жалғызсырағанда
Жыр қылам жетімек үнді.
Сокқы алсам да сұрапыл сын сағаттарынан
Өмір бақылар гүлденіп жетілерімді.

Болашақ күнге, құрдастар, жаңарып барындар
Мейлі де соқсын дауылдар, жаңарып таулар!
Менен де күтер күдерлерің үзілмесінші
Тентек қызынның әлі талай жаңалықтары бар...

Беу, Алматы!
Сұлуың, ғашықпын саған.
Келер сәтті күтіп
Жол тосып асықтым саған.
24 сағат ұзақтық жақын сияқты
Жырақта елдің сәлемін тасыппын саған.

Беу, Алматы,
Сездің бе ынтықтығымды,
Көргізбеспін-ау жыр жазбас жыртық күнімді.
Қара тас жолдар тағы да саған әкелді
Көрмеппін-ау жетімсіреген тыртық мініңді.

Саған әкелді
Жап-жасыл өрнек өмірім,
Сылқым сұлудай көз арбар
Сендік көрігін.
Жас жүректі тулатып саған әкелді
Аманат саған, мінеки, мендік өмірім!

БЕЛГІСІЗ

Өні түрі әлі маған белгісіз,
Беймәлімдеу басып жүрген сендік із.
Тылсымындай мына сұрқай өмірдің
Сырласармыз талай түнде енді біз.

Мендегі мұң қорқынышты жеңдіңіз,
Сыры бөлек тылсым сырмен келдіңіз.
Еркелете айтқан сөздер құлақта
Жүрегімнен өшпейсіз-ау енді сіз.

Атқан таңдай арайланып келдіңіз,
Тәтті ойды қайнарымнан тердіңіз.
Үні коңыр, сөзі ерке, ардақтым
Қалай болар ендігі жол белгісіз...

КҮЗ КОБЫЗ

Коңыр кобыз коңыр дала шалған ба?
Жаз жылуын жайма шуақ алған ба?
Үркер туып үркігендей үйірден
Айналама күзде келіп қалған ба?

Күздің таңы біздің бакта атқан ба?
Тәтті ұйқыға күз қайғырып жатқан ба?
Ақ қайындар сары уайымға салынып
Шолпыларын сары алтыннан таққан ба?

Түн өрістеп күн қысқарып барады,
Тау мұнартып дел-сал қылған даланы.
Бір күдірет бар мен білмейтін бұл күзде,
Жабыркатып ой түбіне салады.

Күзеуін жел кергенде қас қабағын,
Естімейсің көктемгі аспан әнін.
Сызат түскен жүрегімнің әйнегіне
Күз болса содан қорқып жасқанамын.

Құстар қайтып барады тізбектейін,
Сағынышын қалдырып бізге дейтін.
Бұрылмады-ау артына бұрылмады,
Біздің жерден күдерін үзгендейін.

Аттансын біздің жақтан шалқып ұшсын,
Ренішін қалдырмай алып ұшсын.

Құс жолына мұнайып қарай бердім
Аркалап ақын жүрек сағынышын.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ТҮСІНДІРУ

Жо-жок, досым...
Отаның сенің отбасың.
Отаның сатқан опа таппайды
Оттасын!
Жабылып бәрі даттасын,
Жауыңа шықсын жақтасын.
Тіліне деген құрметтің алдыра көрме қақпасын.
Ойынды жина,
Бойынды тікте, еңселім.
Көзіңнен көрме келелі жігер мен сенің.
Еліңнің ойлап ертеңің
Рухыңның майла семсерің
Өлуге бүгін дайын бол
Еркіндігіңді емсе мұң!

Жөнсіз жерде қиналма.
Өкініш алар өрнектеп,
Жеңілсе сында батырды тұрмасы бар ма кернеп
кек.
Сен тұрсаң мында дірдектеп
Ұрпағың кімді үлгі етпек?!
Жерінді жауға таптатапа
Жампоздар жиған дірдектеп.
Жо-жок, құрбым...

Фотоэтнод



Досжан БАЛАБЕКҮЛЫ (фото)

Жуырда механика кафедрасының ұйымдастыруымен ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Жылдам, биік әрі күшті!» деген атпен спартакиада өтті. Спартакиадада №6 және №8 жатақхана студенттері, «механика» мамандығы бойынша білім алып жатқан білімгерлер және факультет басшылығы мен оқытушылар бақ сынасты.

Дене тәрбиесі кафедрасының менгерушісі Е.К. Дилмахамбетовтың қолдауымен ҚазҰУ спот кешенінде өткен жарыста спорттың жеті түрінен – футбол, волейбол, бадминтон, теннис, тоғызқұмалақ, шахмат, арқан тартыс – студенттер мен оқытушылар арасында жарыс өтті. Жарысқа футболдан 4 команда, волейболдан 3 команда құралса, тенниске 10 студент, шахматқа 6 студент, бадминтонға

Жылдам, биік әрі күшті!



10 студент, тоғызқұмалаққа 4 студент, арқан тартысқа 4 команда катысты. Нәтижесінде футболдан – «механика» мамандығы бойынша оқитын 4-курс студенттерінің командасы (М.Әшірханов – команда капитаны, Ш. Байменов, Д.Әлімжанов, А.Бактығалиев, Д. Болысбек, А. Сағындық) бірінші орынға ие болса, екінші

орынды 2-курс студенттері, үшінші орынды механика кафедрасының мұғалімдері иеленді. Волейболдан – студенттердің құрама командасы (Команда капитаны – Қ. Мұстафа, Г.Қазақбай, А.Сәрсенбек, Ә.Крымгереев, М. Жұмакова, Б. Сағитжанов), теннистен – 1-курс студенті А.Бағдатов, шахматтан – 4-курс студенті Д. Тұрғұнбаев, арқан тартысудан – механика кафедрасының мұғалімдер құрамасы (Н. Шаяхметов, М. Құрмансейіт, А. Төлеуханов, Е. Беляев, Таннұр, Д. Айжулов), тоғызқұмалақтан – 4-курс студенті Н. Маратов жеңімпаз атанды. Жеңімпаздарға грамоталар тапсырылып, арнайы сыйлықтар берілді. Осы ретте жарысқа материалдық қолдау көрсеткен механика кафедрасының профессоры Қ.С.Жилисбаеваға алғыс білдіргіміз келеді. Жарыс жоғары деңгейде өтіп, студенттер мен оқытушыларды бір серпілтіп тастады.

Д.Е. ТУРАЛИНА,
механика кафедрасы
меңгерушісінің орынбасары

Секретарь Союза писателей Москвы, член Русского ПЕН-центра Евгений Попов провел мастер-класс для студентов КазНУ

Тендессіз қазына



ЛИМОННЫҢ денсаулыққа пайдасы көп

Лимон – қандай ауруға шалдықсаңыз да көмектесетін жеміс түрі. Өйткені оның құрамында дәрумендер, пайдалы элементтер көптеп кездеседі. Тамағыңыз, ішіңіз, тіпті бауырыңыз ауырса да бірден лимонды еске алыңыз.

ТАМАҚ АУРУЫ (АНГИНА).

Тамағыңыз қатты ауырған кезде лимонның жартысын алып, қабығымен бірге жеңіз. Ашы, бірақ өте пайдалы. Сонымен қатар лимон шырпымен де тамағыңызды шайсаңыз болады. Ол үшін: Лимонның үштен бір бөлігін алып, сумен араластырып, тамағыңызды сағат сайын шайып тұрыңыз немесе күніне 3 рет тамағыңызға жағыңыз.

БРОНХ ҚАБЫНУЫ (БРОНХИТ).

Егер бронх қабынуына дейін жетсе, онда 50 грамм үккіштен өткізілген ақжелкек пен 2-3 цитрустік жемістің шырпынынан сусын жасаңыз. Кейін соны шай қасықпен күніне бірнеше мәрте тұтынып көріңіз. Алайда артынан ештеңе ішпегеніңіз дұрыс. Сарымсақпен араласқан лимон сізге денсаулығыңызға күшті әсер етеді. Оны дайындау үшін сіз 5 лимон мен 4 сарымсақ бөлігіне 1 литр қайнаған су құйып, қақпағын қатты жауып, 5 тәулік мұздай, қараңғы жерде ұстауыңыз керек. Дайын болған соң күніне 3 рет тамақтан 20 минут бұрын шай қасықпен ішіңіз.

Қазақпарат

белді ғалымдары мен оқытушыларының кітаптары қойылған көрмеге студенттердің қызығушылығы зор болды. Білімгерлер өздеріне бұрыннан таныс кітаптармен қоса, жаңадан басылып шыққан кітаптарды таласа ұстап көріп, мазмұнымен танысып жатты.

«Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол» демекші, әр кітапты оқыған сайын білім дәрежеңіз өсе түспек. Осыны терең түсінген тарих, археология және этнология факультетінің студенттері ұстаздардың еңбегіне зор құрметпен қарады. Олар бұрын өздері білмеген қызықты да құнды дүниелерді тапқандықтарын қуанышпен жеткізді. Әрине, бұл қуантарлық жағдай. Біздің көздегеніміз осындай кітап көрмесін жиі ұйымдастыру арқылы студенттердің білімін толықтырып, қазір әлем дертіне айналған интернетке тәуелділіктен аздап болса да қорғау.

А.К. ТОҚСАНБАЕВ,

тарих, археология және этнология факультетінің аға куратор-эдвайзері

Кітап – білімнің қайнар көзі. Қай заманда да кітапсыз, білімсіз өмір сүру мүмкін емес. Кітап адамды терең ойлауға жетелейді және ойды толық жеткізуге үйретеді.

Әр адам баласы кітап бетін ашқан сайын өзіне тылсым дүниелердің сырына қанығады. Осы орайда тарих, археология және этнология факультетінде студенттерге кітап оқудың маңыздылығын

насихаттау және факультет оқытушы-профессорларының еңбектерімен таныстыру мақсатында «Кітап – білім бұлағы» атты көрме ұйымдастырылды. Еліміздің бетке ұстар университетінің

Специалисты государственной противопожарной службы постоянно анализируют оперативную обстановку с произошедшими пожарами. Многолетняя статистика показывает, что большая часть пожаров приходится на выходные и праздничные дни.

Большинство пожаров носит так называемый сезонный характер. И обращать внимание граждан на вопросы предупреждения возможных пожаров просто необходимо. Зима – это не только мороз, искрящийся снег, это ещё и время, когда стоит внимательнее относиться к пожарной безопасности и помнить о том, что пожар легче предупредить, чем тушить.

По-прежнему сохраняется большой процент количества пожаров в жилом секторе. Причины их возникновения различны, однако, самая распространённая – нарушение правил пожарной безопасности при эксплуатации печного отопления. Несмотря на то, что в настоящее время все больше применяются системы центрального отопления, печное по-прежнему остается весьма распространенным и пожароопасным.

Всем жителям, дома которых отапливаются печами, необходимо помнить, что это не только источник тепла, но и возможность возникновения пожара. Пик «печных» пожаров приходится именно на отопительный сезон, на период холодов. Причиной возгорания может быть нарушение правил устройства печи. Это недостаточные разделки дымовых труб в местах их прохождения через

Берегись огня!



деревянные перекрытия, малые отступы между печью и стенами. Также сюда можно отнести отсутствие предтопочного листа, в результате чего выпавшие угли воспламеняют пол.

При эксплуатации печного отопления запрещается:

- оставлять без присмотра топящиеся печи, а также поручать детям следить за ними;
- располагать топливо и другие горючие вещества и материалы на предтопочном листе;
- топить углем, коксом и газом печи, не

предназначенные для этих видов топлива;

- производить топку печей во время проведения в помещениях собраний и других массовых мероприятий;
- перекаливать печи;
- выполнить разделку и отступку;
- устанавливать металлические печи, не отвечающие требованиям пожарной безопасности, стандартам и техническим условиям;
- при установке временных металлических и других печей заводского изготовления должны выполняться указания (инструкции) предприятий-

изготовителей, а также требования норм проектирования, предъявляемые к системам отопления. Кроме того, нельзя топить печи с открытыми дверками, сушить на них одежду, дрова и другие материалы, а поверхности отопительных приборов и дымовых труб необходимо систематически очищать от пыли и белить, а обнаруженные в печи трещины своевременно заделывать. Во время отопительного сезона необходимо прочищать дымоходы не реже 1 раза в 3 месяца. Следить за печью нужно не только в жилых помещениях, но и периодически проверять чердаки. Дымоход должен быть обязательно побелен. Делать это нужно для того, чтобы вовремя заметить образовавшиеся трещины, которые и являются источниками пожара. Кроме этого, нередки случаи, когда старый дом дал усадку, а печь, установленная на отдельный фундамент, не оседает. Вследствие этого, разделки, расположенные на дымоходе, оказываются выше стораемых конструкций перекрытий и чердака, что также нередко приводит к возгоранию.

Уважаемые жители! Сотрудники ОЧС Алмалинского района предупреждают вас о том что все печи должны быть отремонтированы и тщательно проверены. Помните, последствия пожара несопоставимы ни с какими расходами на ремонт «домашнего очага». Соблюдая элементарные правила пожарной безопасности, вы оберегаете свое имущество, себя и своих близких от большой беды.

Б.Б. СЫДЫГАЛИЕВ,

инженер ОЧС Алмалинского района ДЧС города Алматы КЧС МВД РК, подполковник ГЗ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а.: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**
Жауапты хатшы – **Дариға АМАНКЕЛДИЕВА**
Тілшілер: **Әйгерім КАМАЛДИНОВА, Елдана ТОҚБАЙ**
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: **kazuniver-gazeti@mail.ru**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел: 2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана

Талсырыс: №573

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.